

Журналистика – қоғам мен халық арасындағы алтын көпір. Ол елдегі маңызды жаңалықтарды халыққа жеткізіп қана қоймай, шындықты айтып, әділдікті қорғауға қызмет етеді. Ақпараттың жылдам тарайтын бүгінгі дәуірінде журналистің жауапкершілігі бұрынғыдан да арта түсті.

Нағыз журналист әрбір сөзінің салмағын сезінеді. Өйткені «Айтылған сөз – атылған оқ». Сондықтан ол тек нақты дерекке сүйеніп, ақиқат жолынан таймауы керек. Шынайы ақпарат – қоғамның сенімі мен тұрақтылығының негізі.

Қазіргі таңда журналистика жаңа технологиялармен қатар дамып келеді. Интернет пен әлеуметтік желілер ақпаратты лезде таратуға мүмкіндік бергенімен, жалған ақпараттың да көбеюіне себеп болды. Осындай кезде кәсіби журналистің ең басты міндеті – шындықты дәлелмен жеткізу.

Қорытындылай келе, журналистика – жай ғана мамандық емес, үлкен жауапкершілік. Елдің үнін жеткізіп, халықтың мұңын айтып, қоғамның дамуына үлес қосатын журналистер әрдайым құрметке лайық.